

Бекітемін:
«Жаңаауыл ауылының
бастауыш мектебі» КММ
менгерушісі У.Е.Махметова



2022-2023 оқу жылы

Өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың сараптамасы

Еліміздегі білім мен тәрбие беретін мекемелердің бәрі де 1- қыркүйек күнін «Білім күні» деп арнайы атап өту бірнеше жылдан бері дәстүрге айналғандығы белгілі. Соған орай Жаңаауыл ауылының бастауыш мектебінде де қыркүйек айының алғашқы күнінде Білім күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты балалардың білімге деген қызығушылықтарын асырып, мектеп өміріне белсене қатысуына ықпал ету, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, елжандылыққа, адалдық пен мейірімділікке, мектеп пен ұстаздарды құрметтеуге еді.

Салтанатта сонымен бірге, мектеп өнерпаздары ән шырқап, алғашқы қоңырау үні сыңғырлап, барша оқушыларды ««Білімге ұмтылу – еңбексүйгіштік және патриотизм» атты алғашқы сабаққа шақырды.



Қазақстан халқы тілдері күні онкүндігі аясында, Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мектебімізді 5- 16 қыркүйек аралығында бекітілген жоспар бойынша бірнеше іс-шаралар өтті. Бұл шаралардың негізгі мақсаттары оқушылар бойынша патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйуге, салт — дәстүрін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу, ана тілінің қадір-қасиетіне, болашағына қамқор болып, өз үлесін қосу болды. Сондай- ақ Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, еңбектері туралы мағлұмат беріп, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу және оқушылардың танымдық деңгейін дамыту еді.




Оқушылардың спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жасарту, қызығушылықтарын арттыру, олардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді, дене мүшелерінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту, дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру мақсатымен мектебімізде «Денің сау болсын десең..» атты спорттық іс – шара ұйымдастырылды.

Халқымыздың тәлім - тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетіндігі, ұлттық қасиетімізді оқушылар бойына қалыптастыру мақсатында мектебімізде қарттар күніне орай « Ата сөзі- асыл сөз» атты шара өтті. Қарттарды осы төл мейраммен құттықтап, зор денсаулық тілеп, оқушылар гүл берді. Балалардың ата-әжелері туралы шығармашылық жұмыстары тыңдалып, көріністер тамашаланды.

16-қазан – Нан күніне орай «Ас атасы –нан» атты іс-шара өтті. Бұл шараның мақсаты дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалынатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен, диханшылардың еңбегімен таныстыру болды. Сондай-ақ үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу, балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру. Өлең, мақал-мәтелдер арқылы балалардың тіл байлығын дамыту, жетілдіру, берілген тапсырманы орындауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте өткізілген «Күз кереметі» мерекесінің мақсаттарының бірі ұйымшылдықпен қатыса отырып, күздің молшылық пен берекеге толы екенін оқушы санасына жеткізу, ынтымақтастық пен татулыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болды. Мереке сайыс түрінде болғандықтан сайыскерлер өздерін таныстырып өтіп, өнерлерін ортаға салды. Жұмбақтар шешіп, мерекелік дастархан әзірлеп, өнер сайысына қатысты.



Оқушыларды адамзаттың басты құндылықтарын айыра білуге үйрету және заң, құқық, міндет, борыш сияқты сөздердің мағынасын ашу, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатымен «Менің құқықтарым мен міндеттерім» атты сынып сағаты өтті.

Желтоқсан айында «Жол жүру ережелері» жоспары бойынша сыныптарда жартыжылдықтың қорытындылау жұмыстары өтті. «Қауіпсіз ережелері», «Жолды тағы қай жерде кесіп өтуге болады?», «Реттелмейтін көше қиылыстары» сияқты тақырыптары талқыланды.

Балаларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі — теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру үшін « Ұлттық валюта –теңге күні» деген сынып сағаты ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты оқушылардың бойына елімізге деген ыстық сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту, елін, жерін сүйіп құрмет ұтатын жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу.



Өскелен ұрпақты еліміздің өткенін білуге, тарихымызды құрметтеуге тәрбиелеу, Желтоқсан оқиғасы қаншалықты қайғылы болғанымен елге тартқан сыйы – Тәуелсіздік екендігін насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтап, туған жерінің нағыз патриотты тәрбиелеу мақсатымен желтоқсанның 14-і мектебімізде «Тәуелсіз -тірегім» атты


патриоттық іс – шара атадып өтті.

Желтоқсан айының соңғы күндерінде мектебімізде оқушылардың асыға күткен Жаңа жылдық мерекесі өтті. Балаларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге, оларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, көңілді етіп ұйымдастыру, достық қарым – қатынастарын нығайту болды бұл іс – шараның мақсаты.



3- тоқсанның басында балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын тамашалауға, жылдың әр ерекшелігін құрметтеуге үйрету, ұйымшылдыққа, бір-бірін құрметтеуге, тындауға баулу, сөздік қорын молайту мақсатымен «Қыста талай қызық бар» атты сынып сағаты болды. Оқушыларды үш топқа бөлініп «Ұлпа», «Шырша», «Аққала» түрлі сайыс тапсырмаларын қызығушылықпен орындап, қыс мезгілінің табиғат құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін тамашалады. Сынып сағатының жалғасы таза ауадағы ойындармен аяқталды.

Балаларды қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту, өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіз ережелерін сақтауға тәрбиелеу мақсатымен «Қыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» атты сынып сағаты өтті.



Ұлы жазушы М. Әуезов «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деген екен. Ендеше «Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары» атты сынып сағатының мақсаты оқушыларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, аспаптық музыкаға деген қызығушылығын ояту; аспаптың шығу тарихы жайлы түсінік беру, жасалу ерекшелігі, дыбыс бояуың түсіндіріп, ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру; қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу, ұлттық өнерге деген қызығушылығын

арттыру және оны құрметтеуге баулу. Бұл сабақта балалар аспаптардың шығу тарихымен танысып, жұмбақтар шешіп, ұнтаспаны тыңдап, қай аспап екенін табуға тырысты.

Әр адам үшін басты тұлға – Ана туралы түсіндіру, балалардың тілдерін, ойлау қабілетін дамыту, аналарын, бірге оқитын сыныптас қыздарды сыйлауға тәрбиелеу мақсатымен наурыз айында көктемнің алғашқы мейрамын мектебімізде атап өттік. Балалар аналарға арнап жаттаған жүрекжарды шумақтарын оқып, ән шырқап, өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыс етті.



Оқушылар бойындағы спортқа деген қызығушылығы мен білімін арттыру; спорттағы достық қарым - қатынасқа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; денсаулығын нығайту, қимыл - қозғалыс мәдениетін қалыптастыру мақсатымен «Спорт-біздің досымыз» атты көңілді жарыс мектебімізде өтті. Жарыс «Шегірткелер», «Қасықпен су тасу», «Кім жылдам», «Алма жинау» сияқты кезеңдердің тапсырмаларын қызығушылықпен орындап шықты.

3-тоқсанды «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» атты тәрбиелік маңызы мол іс –шарамен қорытындылады. Бұл тәрбие сағатының көзделген мақсаты қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт - дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту, оқушылардың ойлауын дамыта отыра, ой қиялын, өрісін, іздену негіздерін дамыту және де оқушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт - дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу еді. Балалар қазақ халық ауыз әдебиетінің кейіпкерлерін сомдап, сахналық көріністерге қатысып, ән салып, Наурыз мерекесіне арнап өлеңдерін оқыды. Мерекенің құрметіне дастархан жайылып ата-аналар, балалар ұлттық тағамдардан, наурыз көжеден дәм татты.

Сәуір айының алғашқы күндерінде 1-сынып оқушыларының қатысуымен «Көше және мен» атты ұйымдастырылған сынып сағатында балалар көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін қайталап, жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы ақпарат берілді..

Еңбек адам өмірінің мәні болып қала бермек. Жер бетінде жақсылық атты ұғым барда шынайы бақыт, еңбек бақыты да қоғамның бір құндылығы ретінде сақталатыны анық. Осыған орай мектебімізде сәуір айында «Адал еңбек» атты сынып сағаты жоспарланған. Бұл шараның басты мақсаты жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, тиянақтылыққа, уақытың үнемді пайдалануға тәрбиелеу болмақ.

Оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу, 1 мамыр - Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отаның сүйеге, қорғауға тәрбиелеу мақсатымен мектебімізде «Қазақ елі – ұлы достық мекені» деген іс-шара жоспар бойынша ұйымдастыруда. Сынып сағатының барысында «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Достық», «Ынтымақ» құндылықтарының маңызын түсіндіру.

Балаларды Ұлы Отан соғысы туралы мәліметтермен таныстыру, соғыс ардагерлері батыр – ұшқыш Талғат Бегельдинов пен қазақ халқының Батыр қызы Мәншүк Маметованың ерліктерімен таныстырып, тыл еңбеккерлерінің, елдегі халықтың көмегі, сол замандардың балаларының, елдің тыныс-тіршілігі туралы әңгімелеу, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие беру, балалардың ой - өрісін дамыту, балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу мақсатымен мамыр айында Талғат Бегельдиновтың, Мәншүк Маметованың туғанына-100 жыл «Ер есімі – ел есінде» атты шара ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз..

Оқу жылының қорытындысында жоспар бойынша «Сыңғырла, соңғы қоңырау» деген әс-шара өтілмек. Білімнің сара жолы бастауыштан басталатынын, бастауышта алған білімнің негіз болып қаланатынына көз жеткізу, бастауыш сыныбымен, алғаш қолына қалам ұстатқан алғашқы ұстазымен қоштаса отырып, әр баланың ерекшелігін таныта отырып, сәт – сапар тілеу, білім берер ордасы - мектепті, ұстаздарын құрметтеп, білімге деген құштарлығын арттыру, өз Отанының адал ұлы мен қызы болуға тәрбиелеу мақсатымен ұйымдастырғалы отырған шараның аясында «Қош бол, бастауыш» атты тәрбиелік шара аталып өтпек.